

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>3. Оқиға айту (Мұғалім сыйы). (10 минут)</p>	<p style="text-align: center;">Асығыс үкім</p> <p>Бір кісінің үйінің төменгі қабатында ағаш өңдейтін шеберханасы бар екен. Ол есік пен терезе жасап күнелтеді. Бір күні жұмыс істеп жатқанда электр қуаты өшеді. Ұзақ уақыт бойы күтсе де жанбайды. Қасарысқандай, сол кеште тапсыруы керек болған бірнеше терезе бар еді. Біраз демалу үшін үйіне көтеріліп бара жатып сақтандырғышқа көзі түседі. Біреу сақтандырғышты өшіріп қойған екен. Ажыратқышты (рубильник) қосқанда цехта жарық жанады. Бірақ мұның мәнісін түсіне алмайды. Жұмысқа қайта кіріскенінде сол нәрсе тағы қайталаанады. Бірақ бұл жолы кінәлі адамды көрді. Баласы үй мен цех арасындағы сатыдан дыбыссыз, ақырын түсіп, сақтандырғышты өшіріп жатқан кезінде әкесін дәл алдында көреді. Әкесі он жасқа енді толған баласының мұндай опасыздығын кешіре алмайды. Соның кесірінен бір күні босқа кетті. Бір рет қана істеген болса, бәлкім, үн қатпас еді. Шаштарынан ұстап шапалақпен тартып жібереді. Мүмкін бұл ұрған шапалағы енді қайта опасыздық етуіне кедергі болар. Баласының көз жастарына қарамастан үйіне кіріп, әйеліне былай дейді: - Мына баланың мектепте кімдермен араласатынын білуіміз керек! Егер бос жіберетін болсақ, басымызға бәле болуы мүмкін! Кейін ең оңай жолын табады. Баласының еш қалдырмай ұстап жүретін күнделігінде достарына қатысты мәлімет бар еді. Баласы күнделігін көрсеткісі келмесе де тыңдамай, оны оқи бастайды. Баласының ең соңғы бетте былай жазғанын көреді: «Бүгін түнде жаман түс көрдім... Цехта жұмыс істеп жатқан кезде әкемді тоқ ұрған екен. Әкем қауіп - қатерден аман болса екен! Мен қолымнан келгеннің бәрін істеймін!»</p> <p>Сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Электр қуаты неліктен өшіп қалды? 2. Әкесі не байқап қалды? 3. Баланың әрекетін қалай атауға болады?. 4. Баласы неліктен осындай әрекетке барды деп ойлайсыңдар? 5. Мұндай әрекеттерге жол бермеу үшін не істеу керек? 6. Өз өмірлеріңде мұндай жағдай болды ма? 	<p>Мөлдір бұлақтан. Өзін-өзі тану мұғаліміне арналған хрестоматия. I-II том// А.Қ.Рысбаева, А.И.Ахметова, Б.Ш.Алиев,Н.А.Аринова, Е.Бақаш. – Алматы, «Бөбек»</p>
<p>4. Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс. (10 минут)</p>	<p>Оқушылар үш топқа бөлінеді.</p> <p>Тапсырма: Суреттерге қарап, әңгіме құрастырыңдар. 60 – бет. 4 – тапсырма</p>	<p>Оқулық</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
5. Топпен анайту. (4 минут)	<p>Бота Бейсенова «Анажаным»</p> <p>Анашым анажаным Аялы алақаның Есейіп кетсем дағы Мен сенің балапаның Анашым анажаным Мейірбан балажаным Бақытым емеспеді Өмірді сыйлағаның Көңілің күндей Өмірің гүлдей Жадыра гүлдей Жан анашым Осы әнді сізге Арнаймыз бізде Келіңіз жүзге Жан анашым</p> <p>Бойыңда мен сүйетін Көп сенің қасиетің Аяулы перзентіңмін Алдыңда бас иетін Балаймыз бағымызға Арайлы таңымызға Аман боп жүре бергін Анашым жанымызда Көңілің күндей Өмірің гүлдей Жадыра гүлдей Жан анашым Осы әнді сізге Арнаймыз бізде Келіңіз жүзге Жан анашым</p>	
7. Үй тапсырмасы (2 минут)	1. №12 – сабақ.6 – тапсырманы орындау. 2. №13, «Біздер сәлем береміз»өлеңін оқып келу.	
8. Сабақтың қорытынды сәті. (1 минут)	Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүрегімізге сақтайық.	